

**Абай атындағы №2 мектеп-лицейінде
кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың
алдын алуға бағытталған 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары**

Қоғамның басым міндеттерінің бірі - балалардың, жасөспірімдердің және жастардың өмірі мен оқуы үшін салауатты да қауіпсіз жағдай жасау, санаткерлік, рухани және дене күшін дамытуды қамтамасыз ету, адамгершіліктің берік негізін әрі салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысымен бекітілген «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы» да балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалар арасындағы суицид пен буллингтің алдын алу үшін мемлекеттік бақылауды күшейтіп, тиімді тетіктерді қарастырған жөн»-деп, бұл мәселенің бүгінгі таңдағы маңыздылығына тоқталған еді.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 22-01-7.13 хаттамасының 2.13-тармағын орындау үшін «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірледі.

Кешенді жоспар 3 бөлімнен және 2 кіші бөлімнен тұрады:

1. «Балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру».
2. «Балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету».
3. «Қазақстандық балалардың саламаттылық деңгейін арттыру».

Осы Кешенді жоспарда көзделген түрлі шараларды іске асыруға 14 орталық мемлекеттік орган және 20 жергілікті атқарушы орган қатысады.

Оқу-ағарту министрлігі үйлестіру жұмысын жүзеге асырады әрі республикалық және өңірлік құқық қорғау институттарының қызметіне арналған қағидаттар мен тәсілдерді белгілейді.

Келесі басым бағыттар бойынша барлық мүдделі тараптар қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру қажеттілігі маңызды аспект болып табылады.

Бірінші. Балалардың зорлық-зомбылықтан және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру. Бұл ретте бүгінгі таңда балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау саласында шешуді талап ететін мынадай жүйелі проблемалар байқалады:

- қолайсыз отбасылармен жұмыстың жеткіліксіздігі;
- көптеген білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагогтің болмауына байланысты оның жұмысы әлсіретіп алынды;
- медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізудің құқықтық талаптары жоқ;
- балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларына мемлекеттік органдардың ден қою алгоритмі және әлеуметті зорлықшылардың мінез-құлқын түзету жөніндегі шаралар кешені жоқ;
- орталық мемлекеттік органдарда балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының бірыңғай есебін жүргізу жүйесі енгізілмеген;
- мектептердің әлеуметтік педагогтары мен педагог-психологтары мектептердегі балалар санын есепке алмай бөлінеді, аталған мамандар жүктемесінің шамадан тыс болуы оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне және білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың саламаттылық деңгейіне айтарлықтай әсер етеді;
- білім беру ұйымдарында жәбірлеудің профилактикасы кешенді бағдарламалары жоқ.

Екінші. Балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету.

Үшінші. Қазақстандық балалардың саламаттылық деңгейін арттыру. Елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуде балалардың саламаттылығы мәселесі маңызды рөл атқарады. Оқытудың тәрбиелік компонентін күшейтудің, балалардың саламаттылығын кешенді қамтамасыз етудің маңызды шешімі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүргізу бойынша ұсынымдар қабылдау болады.

Зорлық -зомбылықтың түрлері:

1. Психологиялық зорлық-зомбылық – балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау, баланы қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін-өзі құрметтеу, өз бағасын білу сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана жасалатын вербалды және іс-әрекеттік қимылдар схемасын қамтиды.

Психологиялық кемсітушілік әрекетке баланың өзін керексіз, кемістігі бар, сүйкімсіз және қалаусыз болып табылатынына сендіру үшін жасалатын мазақтау, балағаттау, кемсіту, ұялту және дөрекі сөздер айту сияқты вербалды

әрекеттер кіреді. Ол сондай-ақ баланы қорқыту және оны бақылау үшін қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып балаға қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдарды да қамтиды.

2. Физикалық зорлық-зомбылық – балаға қатысты өзге баланың не ересектің тарапынан физикалық зардапқа не жарақатқа әкелетін, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер.

3. Физикалық зорлық-зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттің түрлері көп: соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шаштан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау. Физикалық зорлық-зомбылық көбінесе балаға залал не жарақат әкеледі, тіпті баланың мүгедек болуына не қайтыс болуына да соқтыруы мүмкін. Жыныстық сипаттағы сөздерді айту не қысым көрсету – қандай да бір баланың не ересектің балаға қатысты жыныстық алдап-арбауы, нәпсіқұмарлық сипатта ауызша не физикалық қысым көрсетуі.

4. Бопсалау – балаға зорлық не тән жарақатын салу қауіпін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде көрінетін қылмыс.

5. Кибербуллинг – баланың қыр соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында. Интернетті не басқа технологияларды пайдалану. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не жеке басына тән ақпаратты, фотоны не бейнежазбаны орналастыру; басқа баланың қыр соңына түсу не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не онлайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды. Құрбылар тарапынан қорқытып -үркіту – нақты не болжамды күштер теңсіздігін білдіретін мектеп жасындағы балалар арасындағы агрессивті әрекеттер. Мінез-құлықтың мұндай моделі қайталанып отырады немесе белгілі бір кезең сайын қайталануы ықтимал. Баланы кемсіту қорқыту, өсек тарату, балаға физикалық не сөзбен тиісу не әдейілеп топтан шығарып тастауды қамтиды.

6. Кемсітушілік – баланың жынысына, ұлтына, ұлыстық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне не мүгедектігіне негізделген әділетсіз не бөліп-жару қарым-қатынасы.

«Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек» Отбасындағы ата-ананың және мектептегі ұлағатты ұстаздың мінез құлқы – баланың көз алдындағы үлгісі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны болып табылады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баланы бірлесе отырып тәрбиелеу керек.

Отбасы- адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірімен, қоршаған орта мен танысып, мінез- құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі- бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата- ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері педагог – ғалымдар С. Қалиев, М. Смайылова, М. Оразаев, Б. Баянбаевтардың еңбектерінде жан- жақты сөз болған. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады.

Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізі көзі болып табылады. Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

**Абай атындағы №2 мектеп-лицейінде
кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың
алдын алуға бағытталған 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары**

Р/ с	Іс-шаралар атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
Жалпы іс-шаралар				
1.	Білім алушыларды интернет, құмар ойынға, лудомания мен геймингке тәуелділіктен сақтандыруды ішкі бақылау жоспарына енгізу	тамыз	мектепшілік бақылау жоспары	ДТЖЖО
2.	Балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыруды жүзеге асыру үшін оқушылардың өзін өзі басқару ұйымдарының әлеуметтік тобын құру	үнемі	ұйым мүшелерінің белсенді жұмысы, ұйым ережесі	ДТЖЖО, аға тәлімгер, мектеп парламенті
3.	Жасөспірімдер үшін құмар ойынға тәуелділіктің салдары туралы кешенді түсіндіру шараларын жүзеге асыру	үнемі	ақпар	ДТЖЖО
4.	Педагог-психологтардың оқу мотивациясын арттыруға және девиантты мінез-құлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған іс-шараларды өткізуі үшін сынып сағаттарының тақырыбына кемінде 4 сағат енгізу («Психолог сағаты»)	қыркүйек	сынып сағаттарының жоспары	ДТЖЖО, педагог-психолог
5.	Педагог-психологтың қызметі үшін қажетті жағдайлар жасау, әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмыс кестесіне сәйкес консультациялар мен топтық тренингтер өткізу үшін кабинет анықтау, ППМАЖ пайдалана отырып психологиялық диагностика жүргізу үшін интернетке және компьютерлік сыныпқа қолжетімділікті қамтамасыз ету.	жыл ішінде	психологтың жеке қабылдау кабинеті, тренинг кабинеттері, компьютерлік сыныптар	директор

6.	Зорлық - зомбылық пен қорқыту құрбандарына көмек көрсетудің пәрменді бағдарламасын құру, бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыру (ҚР Президентінің Жолдауы)	қазан	бағдарлама, сенім телефоны	ДТЖЖО, әлеуметтік педагог
7.	Балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойынша танымал тұлғалар, мамандар мен сарапшылардың қатысуымен «Қақпан» атауымен сынып сағаттарын өткізу	он күндікте бір рет, білім бөлімінің тапсырмасы бойынша	ақпар	ДТЖЖО, сынып жетекшілер
8.	Білім алушылар контингентінің әлеуметтік паспорты бойынша ППМАЖ базасын жаңарту	қыркүйек, қаңтар, мамыр	білім алушылардың әлеуметтік паспорты дерекқоры, талдамалық анықтама	ДАІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
9.	Педагогикалық кеңестің күн тәртібіне педагогтерді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №61, №377 бұйрықтарымен таныстыруды енгізу	2023 жылдың 01 қазанына дейін	хаттама, кесте	ДОІЖО, педагог-психолог
10.	ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №4, №6, №61 бұйрықтарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды анықтау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу	2023 жылғы қыркүйек-қазан, одан әрі мониторинг жүргізу	бұйрықтар, ЕББҚ бар балалардың бекітілген тізімдері (санаттары көрсетілген)	директор
11.	Оқушылардың әлеуметтену динамикасының мониторингін жүргізу	тоқсанына 1 рет	мониторинг	ДТЖЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекші, көшбасшы

12.	Оқушыларды қосымша білім берумен 100 % қамту бойынша шаралар қабылдау	желтоқсан-маусым	ақпар, ҰББД (НОБД) толтырылуы, кесте	ДТЖЖО, сынып жетекшілер
13.	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақтарды тоқсан сайын жасау және өткізу	қаңтар, наурыз, мамыр	ақпарат	ДТЖЖО, сынып жетекшілер
14.	Мектеп-лицейдің сайтындағы «Психологиялық қызмет» айдарын жүйелеу: -№4, №6, №61, №377 бұйрықтар; - білім беру ұйымының психологиялық қызметін құру туралы бұйрық; - психологиялық қызметтің ережесі; - психологиялық қызмет мамандарының функционалдық міндеттері; - ағымдағы оқу жылына арналған психологиялық қызметтің жұмыс жоспары.	тоқсан сайын	мониторинг, талдамалық ақпарат	педагог-психолог
15.	Білім алушылардың бір білім беру ұйымынан басқасына ауысуы кезінде сабақтастыққа жәрдемдесуді ұйымдастыру	қыркүйек-маусым	кесте, мониторинг	директор
16.	Салауатты өмір салтын насихаттап және тәуелділіктен сақтандыру мақсатында интеллектуалдық ғылыми жобалар марафонын өткізу	сәуір	арапаттау, ақпар	директор
Оқушылармен жұмыс				
Адамгершілік-рухани білім беру және қоғамда отбасы, бала құндылығын қалыптастыру				
17.	«Қыз бала тәрбиесі» апталығы	наурыз	апталық	ДТЖЖО
18.	«Ұл бала тәрбиесі» апталығы	сәуір	апталық	ДТЖЖО
	1-4 сыныптар:			
19.	«Қыздар туралы, ұлдар туралы»	қаңтар	сынып сағаты	сынып жетекшілері

20.	«Достық шаттықтан басталады»	ақпан	сынып сағаты	сынып жетекшілері
	5-8 сыныптар			
21.	«Қыз қылығымен сымбатты» қыздар жиналысы, 7-8 сыныптар	қараша	жиналыс	«Сырлас» аналар мектебі
22.	«Қызға қырық үйден тыю» дәстүрлі тәрбие жайлы ардагер ұстазбен кездесу, 6- сыныптар	желтоқсан	кездесу дәріс	әлеуметтік педагог
23.	«Қыз - елдің көркі» қыздар жиналысы 5- сыныптар	қаңтар	жиналыс	сынып жетекшілер
24.	«Ұяттылық пен әдептілік әрқашан қайырлы істерге бастайды»	ақпан	дөңгелек үстел	жаһандық құзыретілік жетекшілері
	9-11 сыныптар			
25.	Қыз балалармен әңгіме «Алкоголь және ұрпақ», 9-11 сыныптар	қазан	кездесу	медбике, гинеколог маман
26.	«Адам өміріндегі отбасы және неке»	қараша	сынып сағаты	сынып жетекшілері
27.	«Қыздар тәртібінің ұлдарға әсері» қыз балалармен әңгіме, 5-6 сыныптар	қараша	әңгіме сабақ	сынып жетекшілері
28.	«Орынсыз әзілдер. Құқық бұзушылық. Қылмыс» 7-9 сыныптар	қараша	семинар	әлеуметтік педагог
29.	«Неге отбасылар айырылысады», 9-сыныптар	желтоқсан	сынып сағаты	сынып жетекшілері
30.	Қыз балалармен әңгіме «Қыз балалардың тазалығы», 7-сыныптар	желтоқсан	әңгіме сабақ	медбике , сынып жетекшілері
31.	«Мен – көшбасшы»	желтоқсан	тренинг	психолог, әлеуметтік педагог
32.	«Сұлулық және денсаулық» суреттер көрмесі	желтоқсан	суреттер көрмесі	аға тәлімгер

33.	«Шаш күтімі», «Жеке гигиенасы» 1-4 сынып оқушыларымен әңгіме сабақ	қаңтар	әңгіме сабақ	медбике
34.	«Киім кию мәдениеті» 1-4 сынып оқушыларымен әңгіме сабақ	қаңтар	әңгіме сабақ	сынып жетекшілері
35.	«Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқының стандарты» диспут	қаңтар	диспут	психолог, әлеуметтік педагог
36.	Ұл балалармен әңгіме «Жыныстық жетілу туралы түсінік», 8 сыныптар	ақпан	әңгіме сабақ	медбике , сынып жетекшілері
37.	Қыз балалармен әңгіме «Гинекологиялық аурулардың алдын алу», 9-11 сыныптар	ақпан	кездесу	медбике, гинеколог маман
38.	Ұл балалармен әңгіме «Ұлдар мен қыздар достығы», 1-4 сыныптар	наурыз	әңгіме сабақ	«Бәйтерек» әкелер мектебі
39.	«Ұлдар мен қыздар достығы» қыз балалармен әңгіме, 1-4 сыныптар	наурыз	әңгіме сабақ	«Сырлас» аналар мектебі
40.	Ұл балалармен әңгіме «Жасөспірімдердің дамуы», 8-сыныптар	наурыз	әңгіме сабақ	медбике, сынып жетекшілері
41.	Қыз балалармен әңгіме «Қыздың дамуы туралы» , 8 сыныптар	наурыз	әңгіме сабақ	медбике, сынып жетекшілері
42.	Ұл балалармен әңгіме «Ашық әңгіме» әңгімелер сериясы: «Отбасылық өмір қадамы», 9-11 сыныптар	наурыз	әңгіме сабақ	«Сырлас» аналар мектебі, «Бәйтерек» әкелер мектебі
43.	Адамгершілік сабақтары, 5-9 сыныптар, «Салауатты өмір салты»	наурыз	сынып сағаттары	сынып жетекшілері
44.	«Стресспен күресе білу» тренинг, 8- сыныптар	наурыз	тренинг	психолог, әлеуметтік педагог
45.	Ұл балалармен әңгіме сериясы: «Ерте жыныстық қатынастар және олардың салдары»	сәуір	әңгіме сабақ	«Сырлас» аналар мектебі «Бәйтерек» әкелер

				мектебі
Жас өспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау				
46.	«Ерте жүктіліктің алдын алу» гинекологпен кездесу	қараша	кездесу	медбике
47.	«ЖИТС. Сақтану шаралары»	желтоқсан	кездесу	әлеуметтік педагог
48.	«Қыз бала гигиенасы»	желтоқсан	семинар	медбике
49.	Адамгершілік және жыныстық тәрбие (репродуктивті денсаулық), 7-11 сынып	қаңтар	тренинг	ДТЖЖО
50.	«Жастардың ұрпақты болу денсаулығын қорғау және отбасын жоспарлау»	сәуір	тренинг	әлеуметтік педагог
51.	«Репродуктивті денсаулық және ерте жүктілік»	мамыр	кездесу дәріс	ДТЖЖО
Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету				
52.	Орта буын оқушыларының арасындағы құқықбұзушылық әрекеттерді зерттеу, жою, 6-9 с.	қыркүйек, қаңтар, сәуір	диагностика, профилактика	педагог-психолог
53.	Балалар қауіпсіздігі бойынша 1-11 сынып оқушылары арасында тренингтер өткізу	қыркүйек- мамыр	кесте, қатысу мониторингі, анықтама	педагог-психолог
54.	Педагогтер мен қызметкерлер (жұмыскерлер) үшін семинарлар кестесін құру, бекіту: «Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың профилактикасы» тренингін өткізу	2023 жылдың 6 қарашасына дейін	кесте, мониторинг	педагог-психолог
55.	Кәмелетке толмағандарға және кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық пен білім алушылар арасында суицидтік мінез-құлық деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік, психологиялық зерттеу жүргізу.	қазан, ақпан	диагностика	педагог-психолог

56.	Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін 6-8 сынып оқушыларының ата-аналарының жауапкершілігі мәселелері бойынша ата-аналар жиналысын өткізу	2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін	кесте, қатысу мониторингі, хаттама	педагог-психолог
57.	Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын диагностикалау: «Дакк» тесті, 8-10 сынып оқушылар	қазан, ақпан	диагностика	педагог-психолог
58.	Оқушылардың әлеуметтік қарым-қатынасын диагностикалау: «Мен және менің ортам» сауалнамасы, 6-7 сыныптар	қараша, наурыз	диагностика	педагог-психолог
59.	Жасөспірімдердің депресиялық, невротикалық жағдайларын және қарым-қатынас деңгейлерін анықтау: «Депрессивті шкаласын анықтау» тесті, 8-10 сыныптар	қараша, ақпан, мамыр	диагностика	педагог-психолог
60.	Өз-өзіне қол жұмсау құралдарына (шатырға шығуды бақылау, орынсыз контентті бұғаттау, дәрілік препараттарды жауапты қолдану) қол жеткізуді шектеу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу	желтоқсан, маусым	ақпар	педагог-психолог
61.	6-8 сыныптардың білім алушыларына және ата-аналарға арналған диалогтық алаңдар: «Қазіргі заманның жасөспірімі», «Қазіргі әлемнің қиындықтары»	сұраныс бойынша жыл ішінде	мониторинг, талдамалық ақпар	педагог-психолог
62.	6-10 сынып оқушылары арасында стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтер өткізу	2024 жылдың 20 қаңтарына дейін	қатысу мониторингі, анықтама	педагог-психолог
63.	«Эмоциялық интеллект және психикалық денсаулық» тренинг, 8-9 сыныптар	желтоқсан, наурыз	тренинг	педагог-психолог
64.	«Құқықбұзушылық әрекеттің заң жолымен жазалануы» мектеп-лицей инспекторымен кездесу ұйымдастыру, 6-8 сыныптар	қаңтар	кездесу	әлеуметтік педагог
65.	Психикалық денсаулықты сақтау бойынша	ақпан, наурыз	дәріс	педагог-психолог

	жасөспірімдердің хабардарлығын арттыру мақсатында, мультимодальді тәсілдерді қолдана отырып дәріс өткізу, 8-9 сыныптар			
66.	Оқушыларды жанашырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында іс-шаралар апталығын ұйымдастыру, 5-9 сыныптар	ақпан	тренинг	жаһандық құзыретілік мұғалімдері
Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі, кибербуллинг пен киберқылмыстан қорғау				
67.	Ата-аналарды порнографиялық сипаттағы материалдарды, балаларға қатысты және олардың тарапынан қатыгездік туралы, экстремистік сипаттағы ақпаратты, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың прекурсорларын және Интернет желісінде тікелей және пайдалану арқылы жасалатын басқа да қылмыстарды насихаттауды қамтитын әлеуметтік желілер мен интернеттегі парақшаларға тосқауыл қою жолдарымен таныстыру	қыркүйек, ақпан	кездесу	ДАЖЖО
68.	Оқушылардың кибербуллинг немесе киберқылмысқа тап болуы немесе болмауын зерттеу сауалнамасы, 6-8 сыныптар	қыркүйек, қаңтар, сәуір	диагностика	педагог-психолог
69.	Балаларды кибербуллинг пен киберқылмыстан қорғау бойынша бейнероликтер, инфографикалар, постерлерді пайдалану арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	қыркүйек, қаңтар	таратпа материалдар	ДТЖЖО
70.	«Буллингке қарсы тұру жолдары» TEDx конференциясы	қазан	конференция	жауапты мұғалім
71.	«Кибербуллингке немесе киберқылмысқа тап болсаң не істеу қажет?» тренинг, (6-8 сыныптар	қаңтар	тренинг	педагог-психолог
72.	Кәмелетке толмағандарға буллинг, кибербуллинг әрекеттеріне барғаны үшін қолданылатын жаза түрлері, инспектормен кездесу, 7-9 сыныптар	қаңтар	кездесу	ДТЖЖО

73.	Оқушыларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойынша көркем және деректі фильмдердің көрсетілімдерін ұйымдастыру	ақпан	ақпар, жоспар	жаһандық құзыретілік мұғалімдері
74.	«Буллинг, кибербуллинг және балалар қауіпсіздігі» ата-аналар жиналысы	ақпан	жиналыс	ДТЖЖО
75.	«Буллингтен, кибербуллингтен өзімізді қалай сақтандырамыз?» сынып сағаттары, 5-11 сыныптар	ақпан	сынып сағаттары	сынып жетекшілер
76.	«Интернет сауаттылығы» семинар. Оқушыларды өзін интернеттегі зиянды ақпараттардан қорғауға тәрбиелеу	наурыз	семинар	ДТЖЖО
77.	«Отбасындағы қарым-қатынас. Ол қандай болу керек?» отбасы сағаты, 5-11 сынып	сәуір	отбасы сағаты	жаһандық құзыретілік мұғалімдері
78.	«Интернеттегі қарым-қатынас мәдениеті» тренинг	мамыр	тренинг	ДТЖЖО
Ата-аналармен жұмыс				
79.	«Отбасы сағаты»	апта сайын	семинар	ДТЖЖО
80.	Қыз балалар мен жаман қылықтардың зияны туралы алдын -алу әңгімелері (мамандармен кездесу)	қазан	кездесу	«Сырлас» аналар мектебі Әлеуметтік - мұғалім
81.	«Отбасындағы әкенің рөлі»	қараша	семинар	«Әкелер мектебі» жобасының жетекшілері
82.	Барлық ата-аналарды (белгіленген жасқа дейін) "Ата-аналардың бақылау жүйесі" тегін Smart-қосымшасымен таныстыру, қолдануларына ат салысу	қараша - наурыз	кесте, мониторинг	ДАҒЖО
83.	«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» атты аналар мектебінің жиналысы	желтоқсан	ата-аналар жиналысы	«Сырлас» аналар мектебі
84.	«Жақсы ата-аналар құпиясы. Бақытты балалар өсірейік»	қаңтар	тренинг	педагог- психолог

85.	«Бала көңілдің гүлі, көздің нұры» тренинг	сәуір	дөңгелек үстел	әлеуметтік педагог
86.	«Ата-ананың құқықтық сауаттылығы» «Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ана ролі»	мамыр	дөңгелек үстел	«Сырлас» аналар мектебі